**Хаттама №5**

Күні: 22.05.2021

Қатысқаны:

Қатыспағаны:

**Күн тәртібінде:**

Тақырыбы: «Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды жою және орнын толықтыру»

1. №4 педагогикалық кеңестің қаулысының орындалуы
   Мектеп директоры
2. ӘБ жетекшілерінің публикалық есебі (тақырып бойынша)
   ӘБ жетекшілері
3. 2020-2021 оқу жылын аяқтау іс-шаралары, бұйрықтармен таныстыру
   Мектеп директоры, ДОТІО
4. 1-8, 10 сыныптарды сыныптан-сыныпқа көшіру. Үздік оқушылар тізімін тапсыру.
   Сынып жетекшілер
5. 9,11 сынып білім алушыларын қорытынды аттестаттауға жіберу
   Сынып жетекшілер
6. «Жазғы мектеп-2021» бұйрығымен таныстыру
   ДОТІЖО
7. Ағымдағы мәселелер:
   А)2021-2022 оқу жылына арналған болжалды сағат сандарын бөлу
   Ә) 2021-2022 оқу жылына арналған ОМЖ үлгісін бекіту және құрастыру
   Б) Педагогикалық кеңес барысында туындаған сұрақтар негізінде

Бірінші мәселе бойынша Хакмимжанова М.К.: 5 «ә», 6 «ә», 9 «б», 9 «ә», 10 «а» сыныптар 1-9 сәуір аралығында бақылауға алынған болатын, сол себепті аталған сыныптардың zoom арқылы өткізілген сабақтарына қатыстым. Сыныптардың сабаққа қатысуы туралы сынып жетекшілерімен, пән мұғалімдерімен бірге отырып талдап, қорытындыладық.Бұл сыныптардың білім сапасы алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда жоғарылағанын көруге болады.

Екінші мәселеде әр бірлестік жетекшісінің жылдық есебі тыңдалды.

Бастауыш сынып бірлестік жетекшісі Байгаскинова К.З.:"Жаңа технологияларды қолдану арқылы оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеті мен білім сапасын арттыру" тақырыбында жұмыс жасадық. Жыл бойына бірлестіктің бес отырысы болды. Әр отырыс сайын баяндамалар оқылып, тәжірибе алмасу жүргізілді.

Бастауыш сыныптар 2019-2020жж және 2020-2021 оқу жылы бойынша білім сапасысын салыстыратын болсақ, 2019-20 о.ж. - 75%, 2020-21 оқу жылында жылдық - 81,5% құрады.

Алдағы 2021-2022 оқу жылына қойылған міндеттер:

- ✓ Бастауыш сынып мұғалімдерінің теориялық, ғылыми-әдістемелік деңгейін көтеру;
- ✓ Заманауи педагогикалық технологияларды игеру; оқу пәндерінің оқытылу әдістемесін жетілдіру; Оқушыларды әлеуметтендіру мен білім берудің біregeй негіздегі әдістемелердің орындалуын қамтамасыз ету;
- ✓ .Оқу-тәрбие қызметінің әдіс-тәсілдерін, формаларын, қазіргі заманғы технологияларды игеру мен зерделеуді ұйымдастыру;Әрбір білім баспалдағына өтудегі сабақтастықты есепке алу
- ✓ Бастауышсыныпмұғалімдерініңсабақтықжәнесабақтантысжұмыстүрлерінәртүрліформаларын (топтық, жеке, өздік, жұптық) игерулері;

Озықіс-тәжірибелері бар ұстаздарментәжірибеалмасужәнепрактикадақолдану;

- ✓ Озықіс-тәжірибелері бар ұстаздарментәжірибеалмасужәнепрактикадақолдану;
- ✓ Бастауышсыныпмұғалімдерініңоқу-тәрбиежұмысыжүйесініңдамуынажәнетұрақтануынажәрдемдесу;

Қазақ тілі мен әдебиеті бірлестік жетекшісі: Жунусова А.К.:«Білім беруді жаңарту аясында жаңа әдіс-тәсілдерді , ақпараттық технологияларды тиімді пайдалана отырып оқушылардың қазақ тілі мен әдебиетін үйренуге деген ынта-ықыласын арттыру және жан-жақты дамыған, сыни көзқарасы қалыптасқан тұлға қалыптастыру» тақырыбында жұмыс жасадық.Жыл бойына жеті отырыс өткізілді.Әр отырыста баяндама оқылды.

-Мектеп директоры: Тамыз конференциясына кімнің баяндамасын ұсынасыз?

-Жунусова А.К:А.Ертаевнаның баяндамасы жоғары деңгейде жасалған. осы мұғалімнің баяндамасын ұсынамын.

Мектеп директоры:Алдағы оқу жылына жоспар жасалынып 5 маусымға дейін тапсыруын сұрады.

Жунусова А.К: Аудандық « Даланың дара дүлдүлі» Иманжүсіп оқулары ,мектепішілік: Жұбан Молдағалиевтің 100 жылдық мерейтойына орай «Мен – қазақпын!» тақырыбында көркемсөз сайысы, «Мәңгілік елімнің - мәңгілік тілі» атты тілдер онкүндігі. "Мұқағали оқулары", "Абай оқулары" сайыстары, "Жас оқырмандар " конференциясы өткізілді. Осы байқаулар барысында көптеген оқушылар жүлделі орындарға ие болып, марапатталды.

Алдағы 2021-2022 оқу жылына қойылған міндеттер:

- ✓ Жаңартылған білім беру мазмұны негізінде оқу мен тәрбие процесін интеграциялау жұмыстарын ұйымдастыру.
- ✓ Әнші, сазгер, палуан, күрескер тұлға Иманжүсіп Құтпанұлының шығармашылығы мен күрескерлік өмірін болашақ және бүгінгі ұрпаққа насихаттау үшін аудандық оқулар өткізу.
- ✓ Аудандық "Жас оқырмандар конференциясын" ұйымдастыру.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары К.Муратхановна: Мемлекеттік емтиханд[а] қазақ тілінен 9 «А»-76 %, 9 «Ә»-85%, 9 «Б»-80% білім сапасын көрсетіп тұр. осы сапаны алып шығады ма?

Қазақ тілі мұғалімі А.Ертаевна: жыл бойына оқушыларға эссе жазуды үйреттік, әр сабақ сайын жаздырамыз. Оқушылар өздерінің бағаларын қорғап шығады деп сенеміз.

Орыс тілі мен әдебиеті пәндері бірлестік жетекшісі Б.Кабылановна: «Мұғалімнің кәсіптік шеберлігін жетілдіру арқылы оқушының жеке тұлғалық қасиеттерін жан-жақты дамыту, зерттеуші оқушы моделін қалыптастыру» тақырыбында жұмыс жасадық. Бірлестікте бес отырыс өткізілді. әр отырыста баяндамалар оқылды.

Мектеп директоры: Баспа бетіне материал жариялауды жоспарға енгізіңіздер. Алдағы оқу жылын[а] жасалынған жоспарды 5 маусымға дейін тапсырыңыз.

Ағылшын тілі пәні бірлестік жетекшісі Дуйсеманова У.Ж.:

Алдағы оқу жылына алдымызға осындай міндеттер қойып отырмыз:

1. Жеке тұлғаға бағытталған білім беру үрдісін іске асыруда мұғалім мен оқушылардың функционалдық сауаттылығы мен зерттеушілік мәдениетін дамыту;
2. Қазақстан Республикасының тілдер саясатын оның ішінде ағылшын тілін оқытудың мемлеке[ттік] бағдарламасын жүзеге асыру;
3. Оқушылардың бойында өз тілін және шетел тілді меңгеруге жағдай туғызу;
4. Барлық сыныптардағы білім беру ісіндегі жаңару үрдісінің сабақтастығы мен жүйелілігін жү[зеге] асыру;
5. Білім алушылардың кешендік билингвикалық және жан-жақты мәдени тілдік тұрғыдан даму[ына] ықпал ету ;
6. Білім алушыларды алдағы оқу жылында аудандық, облыстық, республикалық олимпиадалар[ға] дайындап қатысуын қамтамасыз ету.
7. Мектепте аптасына бір күнді ағылшын тілі күні етіп жариялап, көптеген іс-шаралар жоспар[ын] жүргізу.
8. Оқушыларды ғылыми жұмыстарға тарту.
9. Оқушыларды театр үйірмелеріне көптеп қатыстырту.

Осы оқу жылында көптеген байқауларға қатысып оқушылар да мұғалімдер де жетістіктерге жо[...]

Олар: Бақытнұр Өркен - Қуанышбай Айзере (5 сынып оқушысы Республикалық пәндер олимпиадасының облыстық деңгейіне өтті.) Мақсұт Наргиз ( мыңбала ұлттық олимпиадасының жеңімпазы)
Амангазина Айжан – жанашыл мұғалім 2021 Білімлэнд конкурсының жүлдегері, авторлвк бағдарлама облысқа өтті.
Асел Болатхан – жаңартылған білім беру мазмұны негізінде оқ мен тәрбие процессін интеграциялау II – дәрежелі диплом. Жарболған Сәреен (халықаралық Ағылшын әлемі олимпиадасының бірінші орын), Рахметулла Қаракат 1- орын. Климат атты мектепішілік жоба
Дүйсеманова Улжан – Рисбаева Еркінай аудандық олимпиада I- орын. жаңартылған білім беру мазмұны негізінде оқ мен тәрбие процессін интеграциялау III – дәрежелі диплом.
Абдрахманова Айгул - Жарболған Әділжан (халықаралық Ағылшын әлемі олимпиадасының жеңімпазы).
Камалатова Динара – TESOL, 2020 Аризона Университеті (АҚШ)
Мектеп директоры: жаратылыстану пәндер бірлестік жетекшісі Муратхан А-ге кезектен тыс педагогикалық кеңесте жылдық есепті толықтырып тапсыруын сұрады.
Өзін-өзі тану пәні бірлестік жетекшісі мұғалімдерге арналған тренинг өткізді.
Математика және информатика пәндер бірлестік жетекшісі: Камышева Р.Ж.: Жыл бойына бес отырыс өткізіліп, баяндамалар оқылды. Алдағы оқу жылында «Білім шыңына апаратын жол» атты үлгерімі төмен оқушыларға арналған мектепішілік үйірме жүргіземіз деп жоспарлап отырмыз. Бұл үйірмені ашудағы мақсатымыз: екі пәнді кіріктіре отырып үлгерім төмен оқушыларды қызықтыру, білім сапасын арттыруына көмек көрсету.
Сонымен қатар тарих, эстетикалық пәндер бірлестік жетекшілері өздерінің жылдық есептерін берді.
Үшінші мәселеде 2020-2021 оқу жылын аяқтау іс-шаралары туралы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары айтып өтті. Тағенова С.Т.: 24 мамыр күні 1-8,10 сыныптарда онлайн түрде соңғы қоңырау өткізіледі, ал 9,11 сыныптарда 25 мамыр күні ссоңғы қоңырау мектепте өткізілетін болады.
Төртінші мәселеде 1-8, 10 сыныптардың жетекшілері үздік оқушыларының тізімін берді.
2 «А» сыныбында 25 оқушы, 14 үздік . 3 «А» сыныбына 25 оқушы көшірілсін
2 «Ә» сыныбында 21 оқушы, 8 үздік . 3 «Ә» сыныбына 21 оқушы көшірілсін
2 «Б» сыныбында 22 оқушы, 15 үздік . 3 «Б» сыныбына 22 оқушы көшірілсін
2 «В» сыныбында 21 оқушы, 10 үздік . 3 «В» сыныбына 21 оқушы көшірілсін
2 «Д» сыныбында 21 оқушы, 9 үздік . 3 «Д» сыныбына 21 оқушы көшірілсін
2 «Г» сыныбында 21 оқушы, 10 үздік . 3 «Г» сыныбына 21 оқушы көшірілсін
3 «А» сыныбында 21 оқушы, 6 үздік . 4 «А» сыныбына 21 оқушы көшірілсін
3 «Ә» сыныбында 23 оқушы, 10 үздік . 4 «Ә» сыныбына 23 оқушы көшірілсін
3 «Б» сыныбында 23 оқушы, 6 үздік . 4 «Б» сыныбына 23 оқушы көшірілсін
3 «В» сыныбында 23 оқушы, 10 үздік . 4 «В» сыныбына 23 оқушы көшірілсін

3 «В» сыныптың жетекшісі: Амангелді Әлтайр сабақ үлгерімі жағынан қиындық тугызып келетінін айтты. Осы оқушыны мектеп директоры алдағы оқу жылындағы 1 тоқсанда бақылауға алыну керектігін ескертті

3 «Г» сыныбында 23 оқушы, 7 үздік . 4 «Г» сыныбына 23 оқушы көшірілсін
4 «А» сыныбында 27 оқушы, 11 үздік . 5 «А» сыныбына 27 оқушы көшірілсін
4 «Ә» сыныбында 26 оқушы, 10 үздік . 5 «Ә» сыныбына 26 оқушы көшірілсін
4 «Б» сыныбында 24 оқушы, 7 үздік . 5 «Б» сыныбына 24 оқушы көшірілсін
4 «В» сыныбында 26 оқушы, 11 үздік . 5 «В» сыныбына 26 оқушы көшірілсін
4 «Г» сыныбында 24 оқушы,5 үздік . 5 «Г» сыныбына 24 оқушы көшірілсін
5 «А» сыныбында 24 оқушы, 9 үздік . 6 «А» сыныбына 24 оқушы көшірілсін

5 «А» сыныптың жетекшісі: Алдаберген Жанибек сабақ үлгерімі жағынан қиындық тугызып келетінін айтты. Осы оқушыны мектеп директоры алдағы оқу жылындағы 1 тоқсанда бақылауға алыну керектігін ескертті

5 «Ә» сыныбында 22 оқушы, 5 үздік . 5 «Ә» сыныбына 22 оқушы көшірілсін

5 «Ә» сыныптың жетекшісі: Әнуархан Жасұлан сабақ үлгерімі жағынан қиындық тугызып келетінін айтты. Осы оқушыны мектеп директоры алдағы оқу жылындағы 1 тоқсанда бақылауға алыну керектігін ескертті

5 «Б» сыныбында 24 оқушы, 9 үздік . 6 «Б» сыныбына 24 оқушы көшірілсін
5 «В» сыныбында 23 оқушы, 6 үздік . 6 «В» сыныбына 23 оқушы көшірілсін
5 «Г» сыныбында 21 оқушы,3 үздік . 6 «Г» сыныбына 21 оқушы көшірілсін
5 «Д» сыныбында 20 оқушы,6 үздік . 6 «Д» сыныбына 20 оқушы көшірілсін
6 «А» сыныбында 26 оқушы, 3 үздік .7 «А» сыныбына 26 оқушы көшірілсін
6 «Ә» сыныбында 28 оқушы, 4 үздік . 7 «Ә» сыныбына 28 оқушы көшірілсін
6 «Б» сыныбында 27 оқушы, 5 үздік . 7 «Б» сыныбына 27 оқушы көшірілсін
6 «В» сыныбында 28 оқушы, 3 үздік . 7 «В» сыныбына 28 оқушы көшірілсін
7 «А» сыныбында 24 оқушы, 7 үздік . 8 «А» сыныбына 24 оқушы көшірілсін
7 «Ә» сыныбында 23 оқушы, 5 үздік . 8 «Ә» сыныбына 23 оқушы көшірілсін
7 «Б» сыныбында 23 оқушы, 4 үздік . 8 «Б» сыныбына 23 оқушы көшірілсін
7 «В» сыныбында 22 оқушы, 4 үздік . 8 «В» сыныбына 22 оқушы көшірілсін
8 «А» сыныбында 26 оқушы, 5 үздік . 9 «А» сыныбына 24 оқушы көшірілсін
8 «Ә» сыныбында 24 оқушы, 4 үздік . 9 «Ә» сыныбына 24 оқушы көшірілсін
8 «Б» сыныбында 22 оқушы, 0 үздік . 9 «Б» сыныбына 22 оқушы көшірілсін
9 «А» сыныбында 21 оқушы, 5 үздік . 21 оқушы мемлекеттік емтиханға жіберілсін
9 «Ә» сыныбында 21 оқушы, 4 үздік . 21 оқушы мемлекеттік емтиханға жіберілсін
9 «Б» сыныбында 20 оқушы, 2 үздік . 20 оқушы мемлекеттік емтиханға жіберілсін
10 «А» сыныбында 27 оқушы, 8 үздік . 11 «А» сыныбына 27 оқушы көшірілсін
10 «Ә» сыныбында 30 оқушы, 8 үздік . 11 «Ә» сыныбына 30 оқушы көшірілсін
11 «А» сыныбында 15 оқушы, 4 үздік . 15 оқушы мемлекеттік емтиханға жіберілсін
11 «Ә» сыныбында 20 оқушы, 6 үздік . 20 оқушы мемлекеттік емтиханға жіберілсін

Бесінші мәселе директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Хакимжанова К.М.: биылғы сыныптар жаңартылған бағдарламамен бірінші рет мемлекеттік емтихан тапсырғалы отыр. Талап өте жоғары. Емтихан барысында облыстан комиссия келеді. Аудан бойынша 16 алтын белгіге үміткер оқушылардың бесеуі біздің мектепте. Қазіргі таңда ҰБТ-дан көрсеткіш жаман емес. Алтын белгі мен үздік аттестатқа үміткер оқушылар 90 балдан жоғары алуы керек.

9 сыныптарда 3 сабақтан, 11 сыныптарда 4 сабақтан мемлекеттік емтихан өтеді. Емтихан барысында біраз өзгерістер бар. Алтын белгіге үміткер оқушының жұмысын 15 минутта сканерден өткізіп облысқа жіберу керек, жұмысты облыс тексереді.

10.06-19.06.21 аралығында тапсыра алмай қалған оқушылардан қайталама сынақ алынады.

Алтыншы мәселеде директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Хакимжанова К.М жазғы мектепте сабақ беретін ұстаздармен таныстырып өтті. Жазғы мектепке бастауыштан-7 сынып, 5-8,10 сыныптардан 6 сынып құралды. Барлығы 13 сынып. Жазғы мектеп сабақтарында қимыл-қозғалыс ойындар жүргізу дене тәрбиесі мұғалімдеріне, түрлі тренингтер өткізу психолог мамандарға тапсырылды. Сабақ 9.00-11.30 аралығында болады. Автобус тасымалы болады.

Жетінші мәселеде мектеп директоры барлық мұғалімнің 2021-2022 оқу жылына арналған болжалды сағат сандарын айтып өтті.

Қаулы:

1. Әдістемелік бірлестік жетекшілерінің жылдық есептері «қанағаттанарлық» деп бағалансын
2. Үздік оқушылардың тізімі бекітіліп, 1-8,10 сыныптар сыныптан-сыныпқа көшірілсін
3. 9,11 сынып оқушылары мемлекеттік емтиханға жіберілсін
4. Жазғы мектепте жұмыс жасайтын пән мұғалімдерінің күнтізбелік жоспарлары бекітілсін
5. Айтылған ұсыныстар алдағы оқу жылында ескерілсін

   3 «В» сыныпоқушысы Амангелді Әлтайр алдағы оқу жылында 1 тоқсанда бақылауға алынсын
   5 «А» сынып оқушысы Алдаберген Жанибекалдағы оқу жылында 1 тоқсанда бақылауға алынсын.
   5 «Ә» сыныпоқушысы Әнуархан Жасұланалдағы оқу жылында 1 тоқсанда бақылауға алынсын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы: А.А.Туркестанбаева
Хатшы: А.К. Сиздикова